

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Ветеринария саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 қыркүйектегі № 913 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Баку қаласында 2009 жылғы 2 қазанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Ветеринария саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

8

қ ы р к ү й е к т е г і

№

9 1 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Ветеринария саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі,

жануарларды жұқпалы аурулардан тиісінше және баламалы қорғауды қамтамасыз ету және олардың таралып кетпеуіне бақылау жасау мақсатында ветеринария саласындағы өзара ынтымақтастықты кеңейтуге және тереңдетуге ниет білдіре отырып,

Тараптар мемлекеттері арасындағы қатынастарды одан әрі дамытуға ұмтылысты б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды, жануарлардың генетикалық материалдарын, ветеринариялық препараттарды, мал азығын және ветеринариялық бақылау объектісін құрайтын басқа да тауарларды өзара сатуды ж а қ с а р т у м а қ с а т ы н д а ,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды, жануарлардың генетикалық материалдарын, ветеринарлық препараттарды, мал азығын және ветеринариялық бақылау объектісін құрайтын басқа да тауарларды Тараптар мемлекеттерінің аумағы арқылы экспорттау, импорттау және транзиттік тасымалдау кезінде өз мемлекеттерінің аумағын жануарлардың жұқпалы және паразиттік ауруларының кіруінен және таралуынан қорғау мақсатында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2-бап

Осы Келісім ережелерін іске асыру жөніндегі Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары :

Қазақстан тарабы үшін - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрілігі ;

Әзірбайжан тарабы үшін - Әзірбайжан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрілігі болып табылады .

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының ресми атаулары немесе функциялары өзгерген жағдайда, Тараптар бір-бірін уақтылы дипломатиялық арналар арқылы хабарлайды.

3-бап

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды, жануарлардың генетикалық материалдарын, ветеринариялық препараттарды, мал азығын және шекаралық ветеринариялық бақылау объектісін құрайтын басқа да тауарларды импорттауға, экспорттауға және транзиттік тасымалдауға арналған ветеринарлық-санитарлық рәсімдердің орындалуын оңайлату мақсатында өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамалары негізінде ветеринария саласындағы өзара іс-шараларды жүргізеді.

4-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары Тараптар мемлекеттерінің аумағында бұрын тіркелмеген жануарлардың жұқпалы ауруларының немесе соңғы жылдар ішінде байқалмаған басқа да эпизоотиялар таралуының табылғаны туралы бір-біріне дереу хабарлайды .

2. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары қажеттілігіне қарай өз мемлекеттерінің аумағында тіркелетін жануарлардың жұқпалы аурулары туралы бюллетеньдермен алмасып отырады .

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген бюллетеньдер аурудың атауын, ауру жануарлардың санын, аурудың табылған күні мен орнын, диагностикасы мен ауруды бақылау әдісін қамтуы тиіс. Аусыл шыққан жағдайда, вирустың түрі көрсетіледі.

4. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары жануарлардың саулығын қорғау мақсатында жұқпалы, паразитарлық және басқа да аурулардың пайда болуының алдын алу жөніндегі қазіргі білімдерді практикада қолдануға қатысты ақпаратпен алмасады.

5-бап

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру үшін ветеринария саласындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында:

ветеринария саласындағы тәжірибемен және ақпаратпен алмасады;
ветеринариялық ғылыми-зерттеу институттарының ынтымақтасуына жәрдемдеседі;
ветеринария саласындағы техникалық журналдармен және басқа да басылымдармен
алмасуға жәрдемдеседі;

бір-бірін техникалық кездесулер мен білім беру бағдарламалары туралы хабардар
етеді ;

ветеринариялық-санитариялық нормалар мен стандарттарға қатысты ақпаратпен
алмасады .

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды, жануарлардың генетикалық материалдарын, мал азығын, ветеринариялық препараттарды және ветеринариялық бақылау объектісін құрайтын басқа да тауарларды экспорттаумен айналысатын Тараптар мемлекеттерінің кәсіпорындары туралы ақпарат алмасады.

6-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес осы Келісімнің ережелерін іске асыруға байланысты шығыстарды өзіне алады.

7-бап

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жекелеген хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

8-бап

Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық келісімдерден туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

9-бап

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының өкілдері өзара уағдаластық бойынша қажеттілігіне қарай кездеседі.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жолымен шешеді.

10-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Тараптың бірі дипломатиялық арналар арқылы екінші Тараптың оның қолданысын өзінің тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

200 __ жылғы «__» _____ қаласында әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Әзірбайжан Республикасының

Үкіметі үшін